мемлекеттік тілде – Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы;
орыс тілінде – Дочерняя организация Акционерное общество Банк ВТБ (Казахстан);
ағылшын тілінде – VTB Bank (Kazakhstan) Subsidiary Joint Stock Company.

1.3.2. Банктің қысқартылған атауы:
мемлекеттік тілде – Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ;
орыс тілінде – ДОО АО Банк ВТБ (Казахстан);
ағылшын тілінде – Subsidiary JSC VTB Bank (Kazakhstan).

1.4. Банк заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, оның меншігінде оқшауланған мүлік бар және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иемдене және жүзеге асыра алады, сотта талапкер әрі жауапкер ретінде бола алады. Банктің дербес балансы және корреспонденттік шоттары бар. Банк шектелмеген мерзімге құрылады.

Банктің өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мөрі, бланкілері, эмблемалары және өзге де деректемелері бар.

1.5. Банк Басқармасының орналасқан жері: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 28 «в».

1.6. Банк акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялардың құны шегінде Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, тек мемлекет өз мойнына мұндай жауапкершілікті алған жағдайдан басқа.

1.7. Мыналар Банктің органдары болып табылады:

1.7.1. жоғарғы орган – Банк Акционері;

1.7.2. басқару органы – Банктің Директорлар кеңесі;

1.7.3. атқарушы орган – Банк Басқармасы;

1.7.4. алқалы бақылау органы – Аудит жөніндегі комитет.

1.8. Осы Жарғы Банктің құрылтай құжаты болып табылады. Осы Жарғының талаптары Банктің барлық органдарына, оның Акционеріне және Банк қызметкерлеріне орындау үшін міндетті болып табылады.

II. БАНКТІҢ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ

2.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында, сол сияқты одан тыс жерлерде өз филиалдарын ашуға құқылы.

2.2. Банк филиалы – заңды тұлға болып табылмайтын, Банктің орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан, Банктің атынан банк қызметін жүзеге асыратын және оған Банк берген өкілеттіктердің шегінде әрекет ететін Банктің оқшауланған бөлімшесі. Банк филиалының Банкпен бірдей балансы, сондай-ақ Банктің атауымен толық сәйкес келетін атауы бар.

Банк филиалы бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) шегінде бірнеше мекенжай бойынша орналасқан үй-жайларға ие болуға құқылы.

2.3. Банк өкілдігі - заңды тұлға болып табылмайтын, Банктің орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан, Банктің атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін және банк қызметін жүзеге асыратын Банктің оқшауланған бөлімшесі.

Қазақстан Республикасының аумағында Банктің филиалдарын немесе өкілдіктерін құруға, жабуға жергілікті өкілдік және атқарушы органдардың келісімі қажет емес.

2.4. Филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын Басқарма тағайындайды және олар Банк берген сенімхаттың негізінде іс-қимыл жасайды.

III. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

3.1. Банк қызметін жүзеге асырғанда кіріс алу Банк қызметінің мақсаты болып табылады. Банк қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – Уәкілетті орган) берген лицензиямен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады.

3.2. Банк Уәкілетті органның лицензиясымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.

3.3. Банкке банк қызметіне қатысы жоқ не болмаса «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңының 8-бабының 6-тармағында (бұдан әрі – «Банктер туралы» ҚР Заңы), «Банктер туралы» ҚР Заңының 30-бабының 12-тармағында көзделмеген кәсіпкерлік қызмет ретінде операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын иемденуге, «Банктер туралы» ҚР Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға және «Банктер туралы» ҚР Заңының 8-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

IV. БАНКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ МҮЛКІ

4.1. Банктің жарғылық капиталы Акционердің акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңында (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы) белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын номиналды құны бойынша және инвесторлардың орналастыру бағасы бойынша төлеуі арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында білдіріледі.

4.2. Банк акциялары орналастырылған кезде тек ақшалай төленуі тиіс.

4.3. Банктің жарғылық капиталын ұлғайту Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

4.4. Банктің мүлкі оған меншік құқығында тиесілі болады. Банк мүлкінің қалыптасу көздері мыналар болып табылады:

4.1.1. Банктің жарғылық капиталы;

4.1.2. Банк қызметінің нәтижесінде алынған кірістер;

4.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де кіріс көздері.

V. БАНКТІҢ АКЦИЯЛАРЫ, ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

5.1. Банк құжатсыз нысанда жай акцияларды шығарады. Банк артықшылық акцияларды шығармайды.

Банк акцияларымен мәмілелерді жасау, Банктің бастамасы бойынша және Акционердің талабымен орналастырылған акцияларды сатып алу, сондай-ақ Банк акцияларымен басқа да операциялар мен әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Банктің акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Банк тіркеушісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

5.2. Банк облигацияларды шығарады.

5.3. Облигацияларды орналастыру, сатып алу және иемдену тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

5.4. Банк, егер:

5.4.1. кепілге берілетін бағалы қағаздар толығымен төленсе;

5.4.2. Банк сатып алған акцияларды қоспағанда, Банктің кепіліне берілетін және оның кепіліндегі акциялардың жалпы саны Банктің орналастырылған акцияларының жиырма бес пайызынан артық болмаса;

5.4.3. кепіл туралы шартты Банктің Директорлар кеңесі мақұлдаса, өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілге қабылдай алады.

VI. АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Банк Акционері құқылы:

6.1.1. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында және Жарғыда көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

6.1.2. дивидендтер алуға;

6.1.3. Банктің қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Акционер немесе Банк Жарғысында айқындалған тәртіппен Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;

6.1.4. Банк тіркеушісінен оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді жазбаларды алуға;

6.1.5. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6.1.6. Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;

6.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын Банктің акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

6.1.8. Банктің Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

6.1.9. сот тәртібімен Банктің органдары қабылдаған шешімдерді дауласуға;

6.1.10. Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұратулармен хабарласуға және Банкке сұрау келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптарды алуға;

6.1.11. өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жасауын талап етуге;

6.1.12. лауазымды тұлғалардың ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсынылған) туралы шешімдерді қабылдауы нәтижесінде Банкке келтірілген шығындарды Банктің лауазымды тұлғаларының өтеуі туралы талаппен келесі жағдайлардың бірінде сот органдарына жүгінуге:

- шешім Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып қабылданғанда;

- лауазымды тұлғалар шынайы емес түрде іс-қимыл жасағанда немесе әрекет жасамағанда, соның ішінде Банкпен мұндай мәмілелерді жасау нәтижесінде олардың не болмаса олардың аффилиирленген тұлғаларының табысты (кірісті) алу мақсатында;

6.1.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.

6.2. Банк Акционері міндетті:

6.2.1. акцияларды төлеуге;

6.2.2. он күннің ішінде Банк тіркеушісіне Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға;

6.2.3. Банк туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

6.2.4. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

VII. БАНКТІҢ ТАБЫСЫ МЕН ДИВИДЕНДТЕРІ

7.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін Банктің таза кірісі Банк Акционері айқындаған тәртіппен пайдаланылады.

7.2. Жыл, жарты жыл және тоқсан қорытындылары бойынша Банк акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Банк Акционері қабылдайды. Банк акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

Банктің акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге тек мұндай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және акционердің жазбаша келісімімен ол шығарған облигациялармен жасалғанда ғана жол беріледі.

Акционер бұқаралық ақпарат құралдарында шешімді қабылдаған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде міндетті түрде жариялай отырып Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтердің төленетін күні;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

7.3. Банктің өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған, сондай-ақ егер сот немесе Банк Акционері оны тарату туралы шешім қабылдаса, акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер мына жағдайларда есептелмейді:

- 1) меншікті капиталдың мөлшері теріс болғанда немесе Банктің меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болып қалса;
- 2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасау қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не болмаса аталған белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса;

7.4. Акционер Банк берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда Акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

VIII. БАНК ҚОРЛАРЫ

8.1. Банк қызметін жүзеге асырумен байланысты шығындарды өтеу мақсатында Банк резервтік капиталды қалыптастырады. Резервтік капитал жыл сайынғы аударымдар арқылы, жай акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін Банктің таза кірісінің есебінен құрылады әрі оның мөлшері Акционердің шешімімен белгіленеді. Банктің резервтік капиталының ең аз мөлшерін Уәкілетті орган белгілейді.

8.2. Банк қызметін қамтамасыз ету және дамыту үшін Банк таза кірістің есебінен, Акционердің шешімі бойынша, тиісті мақсатты қорларды, соның ішінде Уәкілетті органның нормативтік актілерінің талаптарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарына сәйкес Банк үшін міндетті әрі қажетті қорларды құра алады.

8.3. Резервтік капиталды және Банктің тиісті қорларын пайдалану тәртібін Банктің Директорлар кеңесі айқындайды.

IX. БАНК АКЦИОНЕРІ

9.1. Банктің жоғарғы органы Банк Акционері болып табылады.

9.2. Банк Акционерінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

9.2.1. Банк Жарғысының өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

9.2.2. корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

9.2.3. Банкті ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;

9.2.4. Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешімді қабылдау;

9.2.5. Банктің бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау;

9.2.6. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес Банк акцияларды сатып алған кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

9.2.7. Банктің Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін орындағаны үшін оларға сыйақыны төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

9.2.8. Банкке аудит жасайтын аудиторлық ұйымды айқындау;

9.2.9. жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

9.2.10. Банктің есепті қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққанда дивидендтің мөлшерін бекіту;

9.2.11. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар орын алған кезде Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау;

9.2.12. жиынтығында Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешімді қабылдау;

9.2.13. Акционерге Банктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін айқындау, соның ішінде, егер мұндай тәртіп Банк Жарғысында айқындалмаса, бұқаралық ақпарат құралын айқындау;

9.2.14. сомасы Банк активтерінің 50 және одан артық пайызын құрайтын ірі мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдау;

9.2.15. солар бойынша шешім қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен және Жарғымен Банк Акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9.3. Банк Акционерінің ерекше құзыретіне солар бойынша шешім қабылдау жатқызылған мәселелерді, егер өзгесі «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделмесе, Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және Банк қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

Банк Акционері Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9.4. Банк Акционерінің шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

Х. БАНКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Банктің Директорлар кеңесі, Банк Акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылық етеді.

10.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

10.2.1. Банк қызметінің басым бағыттарын айқындау;

10.2.2. Банктің бизнес-жоспарын және бюджетін, сондай-ақ оларға енгізілетін түзетулерді бекіту;

10.2.3. жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде олардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.4. Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы немесе оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

10.2.5. Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

10.2.6. Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

10.2.7. Банк Басқармасының сан құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару;

10.2.8. Банк Басқармасы басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы мен сыйақыны төлеу талаптарын, сондай-ақ еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде төленетін өтемақылардың мөлшерін айқындау;

10.2.9. Банктің Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және тарату, комитеттердің дербес құрамын айқындау, Комитеттер туралы ережеге өзгерістерді бекіту және енгізу;

10.2.10. Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақы мен сыйлықақы мөлшерін, оларды төлеу шарттарын айқындау;

10.2.11. ірі мәміленің заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша аудиторлық ұйымның, сондай-ақ бағалаушының қызметіне төленетін ақының мөлшерін айқындау;

10.2.12. Басқарма мүшелеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеуге келісім беру;

10.2.13. Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттіктер мерзімін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшері мен сыйақыны төлеу шарттарын айқындау;

10.2.14. Банктің бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау, тіркеушімен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шартты жасау (өзгерту, бұзу) туралы шешімді қабылдау;

10.2.15. Банктің ішкі құжаттары ретінде ВТБ Тобында матрицалы басқару жүйесіне қатысты құжаттарды бекіту;

10.2.16. Комплаенс бақылаушыны сайлау, өкілеттіктер мерзімін айқындау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару;

10.2.17. Банктің резервтік капиталын және басқа да қорларын пайдалану тәртібін айқындау;

10.2.18. Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар мен саясаттарды, соның ішінде Банктің қызметімен байланысты тәуекелдерді шектейтін саясаттар мен процедураларды және тәуекелдер мониторингін (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарына аукциондарды және жазылуды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

10.2.19. Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

10.2.20. Банктің басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) сатып алуы туралы шешім қабылдау;

10.2.21. акциялардың он және одан артық пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Банкке тиесілі болатын заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзырына жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

10.2.22. Банктің міндеттемелерін оның меншікті капитал мөлшерінің он және одан артық пайызын құрайтын көлемге ұлғайту;

10.2.23. Банк туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

10.2.24. сомасы Банк активтерінің кемінде 50% құрайтын ірі мәмілелерді және жасалуында Банктің қызығушылығы бар мәмілелерді Банктің жасауы туралы шешім қабылдау;

10.2.25. Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;

10.2.26. Ішкі аудит қызметінің аудит жоспарын бекіту;

10.2.27. Ішкі аудит қызметінің есептерін қарау;

10.2.28. Банкке аудит жасайтын аудиторлық ұйымның қорытындыларын қарау;

10.2.29. есепті кезеңдегі Банк қызметінің қорытындыларын қарау;

10.2.30. есепті кезеңнің ішінде Басқарманың жыл сайынғы есебін қарау;

10.2.31. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің қызмет ету мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;

10.2.32. ВТБ Тобында белгіленген бірыңғай стандарттардың қолданылуына бақылауды қамтамасыз ету;

10.2.33. Банк Акционерінің ерекше құзыретіне жатпайтын «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында және Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

10.3. Банктің Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Банк Басқармасының шешілуіне берілуі мүмкін емес.

Директорлар кеңесі Банк Жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

10.4. Барынша маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдарды әзірлеу үшін мынадай мәселелер:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақы;

3) әлеуметтік мәселелер;

4) ішкі аудит;

5) Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің Комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің Комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеуге қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұрады.

Банк Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесі Комитетінің төрағасы ретінде бола алмайды.

10.5. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Банк Басқармасының мүшелері, оның басшысынан басқа, Банктің Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Банк Басқармасының төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адамнан тұруы тиіс. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Мыналар:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

3) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында «Банктер туралы» ҚР Заңының 20-бабында белгіленген жұмыс стажы және (немесе) қаржылық қызмет және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызмет көрсету және (немесе) оны реттеу саласында жұмыс стажы жоқ;

4) уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржы ұйымының директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, бас бухгалтері, ірі қатысушысы-жеке тұлғасы, ірі қатысушы (банк холдингі) заңды тұлғасының бірінші басшысы болып табылған тұлға банктің басшы қызметкері болып тағайындала (сайлана) алмайды. Аталған талап уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл бойы қолданылады;

5) өзге қаржы ұйымында басшы қызметкер лауазымында болған кезеңінде басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берілген келісім кері қайтарып алынған адам Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе мүшесі лауазымына сайлана алмайды. Аталған талап ету уәкілетті органның басшы қызметкерді лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін кері қайтарып алу туралы шешімі қабылданғаннан кейін қатарынан соңғы он екі ай ішінде қолданылады.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, шектелмеген мәрте рет қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімін Банк Акционері белгілейді. Банк Акционері Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғаруға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын доғару Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасының негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын доғарған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Банк Акционері сайлайды, бұл ретте жаңадан сайланған Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Банк Жарғысында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

10.6. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің немесе Банк Басқармасы Төрағасының бастамасы бойынша не болмаса:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банкке аудит жасайтын аудиторлық ұйымның;
- 4) Банк Акционерінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының болжамды күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Банк Басқармасына жүгінуге құқылы, әрі ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе атқарушы орган шақыру туралы талап түскен күннен бастап үш күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі Банк Басқармасын оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмауы жайында алдын ала хабардар етуге тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан аз болмауы тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғыда айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Банк Акционеріне Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мақсатында хабарласуға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек Банк Акционеріне осындай хабарласу туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер өзгесі «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болғанда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

10.7. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы болған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болғанда қабылданған болып мойындалады. Банктің Директорлар кеңесінің отырысы күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беруді өткізу үшін Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне бірыңғай үлгі нысанда дауыс беруге арналған бюллетеньдер жіберіледі.

Бюллетеньде мыналар болуы тиіс:

- 1) Банктің толық атауы және Банк Басқармасының орналасқан жері;
- 2) дауыс берудің бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсыну үшін түпкілікті күн;
- 4) дауыс беруге қойылған нақты әрі біржақты құрастырылған сұрақ (сұрақтар);
- 5) «жақтадым», «қарсы», «қалыс қалдым» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетеньді толтыру тәртібі жөніндегі түсініктемелер.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс. Дауыстар саны есептелген кезде Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал бір нұсқасы белгіленген мәселелер бойынша дауыстар саны ескеріледі.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуі және оған Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қоюы тиіс.

Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күннің ішінде ол негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдермен қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы тиіс.

10.8. Ашық түрде өткізілген отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Банктің Директорлар кеңесінің отырысы өткізілген күннен бастап қабылданған болып мойындалады және отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап үш күннің ішінде жасауы әрі қол қоюға тиіс болатын хаттамамен рәсімделеді және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Банк Басқармасының толық атауын және орналасқан жерін;
- 2) отырысты өткізу күнін, уақыты мен орнын;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтерді;
- 4) отырыстың күн тәртібін;

5) дауыс беруге қойылған мәселелерді және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерін көрсете отырып солар бойынша дауыс беру қорытындыларын;

6) қабылданған шешімдерді;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтерді.

10.9. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Банктің мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) Банктің уәкілетті қызметкерінің қолымен және Банктің мөрімен куәландырылған хаттамадан және шешімнен алынған үзінді жазбаларды беруге міндетті.

10.10. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында және Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібімен дауласуға құқылы.

10.11. Акционер «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының және Жарғының талаптарын бұза отырып қабылданған Директорлар кеңесінің шешімін, егер аталған шешіммен Банктің және (немесе) осы Акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, сотта даулауға құқылы.

XI. БАНК БАСҚАРМАСЫ

11.1. Банк Басқармасы Банктің ағымдағы қызметіне басшылық ететін Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады.

Банк Басқармасының құрамын, Басқарма мүшелеріне төленетін еңбекақының мөлшері мен оны төлеу шарттарын, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімін Банктің Директорлар кеңесі айқындайды.

11.2. Банк Басқармасы «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Банк Жарғысымен Банктің басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған Банк қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. Басқарма мүшесінің өзге тұлғаға, соның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне дауыс беру құқығын беруіне рұқсат етілмейді.

Банк Басқармасы Банк Акционерінің және Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

11.3. Банк Басқармасы:

11.3.1. Банктің Директорлар кеңесіне қарау үшін және Банк Акционеріне қарау әрі бекіту үшін есепті жылғы жылдық қаржылық есептілікті, сондай-ақ аудиторлық есепті ұсынады;

11.3.2. Акционердің және Директорлар кеңесінің жұмысы үшін қажетті жағдайлар жасайды;

11.3.3. Жарғыға сәйкес Банк Акционері немесе Директорлар кеңесі қарауы тиіс болатын мәселелерді алдын ала қарайды және солар бойынша тиісті материалдарды, ұсыныстарды және шешімдердің жобаларын әзірлейді, Басқарманың жеке және сан құрамымен және Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің, Корпоративтік хатшының сыйақысын айқындаумен байланысты мәселелерден басқа;

11.3.4. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің жасалған жұмысы туралы есептерін қарау қорытындылары бойынша шешім қабылдайды;

11.3.5. Банктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

11.3.6. Банк филиалы мен өкілдігінің үлгі ұйымдық құрылымын және Банктің филиалы мен өкілдігі қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуді қоса алғанда, Банк филиалы мен өкілдігінің қызметкерлерін ынталандыру жүйесін бекітеді;

11.3.7. Банк бөлімшелерінің қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін бекітеді және Банк бөлімшелерінің қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне бақылау жасайды;

11.3.8. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне басшылық жасау мәселелерін шешеді;

11.3.9. Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз етеді;

11.3.10. Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарайды және бекітеді;

11.3.11. Банктің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді және шешімдер қабылдайды;

11.3.12. өз өкілеттіктерінің шегінде есепті ұйымдастыру, есептілік, ішкі бақылау мәселелерін шешеді;

11.3.13. Акционердің және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылмаған, Банк Басқармасы Төрағасының ұсынысы бойынша Банк Басқармасының қарауына ұсынылған басқа да мәселелерді қарап, шешеді.

11.4. Банк Басқармасының мүшесі тек Банктің Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Банк Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде, Банк Жарғысында, сондай-ақ аталған тұлға Банкпен жасайтын еңбек шартында айқындалады. Банк Басқармасының Төрағасымен Банктің атынан еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осы үшін Банк Акционері немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Банк Басқармасының Төрағасы қол қояды.

Банк Басқармасының Төрағасы атқарушы органның басшысы не болмаса басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның қызметін атқаруға құқылы емес.

11.5. Банк Басқармасының Төрағасы:

1) Банк Акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банк атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес мәмілелер жасайды;

3) оған Директорлар кеңесімен және Жарғымен, сондай-ақ Банктің басқа да ішкі актілерімен берілген өкілеттіктердің аясында Банктің қызметіне басшылық етеді;

4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банкті білдіру құқығына сенімхаттар береді;

5) Банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, орындарын ауыстырады және жұмыстан шығарады («Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға қатысты ынталандыру және тәртіптік жазалау шараларын қолданады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк қызметкерлеріне лауазымдық жалақы мен жалақыларына дербес үстемеақы мөлшерін белгілейді, Банк Басқармасының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Банк қызметкерлеріне төленетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

6) өз құзырының шегінде бұйрықтар шығарады, орындауға міндетті нұсқаулар береді және олардың орындалуын бақылайды;

7) өзі болмаған жағдайда Банк Басқармасы мүшелерінің біріне өз міндеттерін орындауды жүктейді;

8) Банк Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік аяларын бөледі;

9) Банктің Директорлар кеңесі бекіткен Банктің ұйымдық құрылымының негізінде Банктің штаттық кестесін бекітеді;

10) Банк Басқармасы бекіткен Банктің филиалы мен өкілдігінің ұйымдық құрылымының негізінде Банк филиалы мен өкілдігінің штаттық кестесін бекітеді;

11) бекітілуі Банктің Директорлар кеңесінің құзырына жататын лауазымдық нұсқаулықтарды қоспағанда, Банк қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

12) осы Жарғыда және Акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11.6. Банк Басқармасы қажетіне қарай Басқарма Төрағасымен немесе оның мүшелерінің кемінде үштен бірінің, Директорлар кеңесінің немесе Банк акционерінің талабы бойынша шақырылады.

Банк Басқармасы, егер оның отырысына Банк Басқармасы мүшелерінің жалпы санының жартысынан кемі қатысса, оның құзыретіне жататын және оның қарауына шығарылған мәселелерді шешуге өкілетті.

Банк Басқармасының әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысатын Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Басқарма Төрағасының немесе оның орнындағы адамның дауысы шешуші болып табылады.

Басқарманың шешімдері Басқарма отырысының хаттамасымен рәсімделеді, әрі оған отырысқа қатысып отырған Басқарманың барлық мүшелері қол қоюлары тиіс және онда әрбір мәселе бойынша әрбір Басқарма мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, дауыс беруге қойылған мәселелер, солар бойынша дауыс беру қорытындылары болуы тиіс.

Банк Басқармасы отырысының хаттамалары Банктің мұрағатында сақталады.

XII. БАНКТІҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ БАҚЫЛАУ

12.1. Қаржы-шаруашылық қызметке бақылау жасау үшін Банкте Ішкі аудит қызметі құрылады.

Ішкі аудит қызметі Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады, әрі ол тікелей Банктің Директорлар кеңесіне бағынышты болады және соның алдында атқарылған жұмысы туралы есеп береді.

Ішкі аудит қызметі өз қызметінде Банктің басқа да құрылымдық бөлімшелерінен және Банк филиалдарынан тәуелсіз.

12.2. Ішкі аудит қызметі Банктің Директорлар кеңесі тағайындайтын қызметкерлерден тұрады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібі, оның функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

XIII. АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

13.1. Аудит жөніндегі комитет Банктің алқалы бақылау органы болып табылады. Банктің Аудит жөніндегі комитеті Ішкі аудит қызметімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасымен Ішкі аудит қызметі үшін айқындалған мақсаттар мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

13.2. Аудит жөніндегі комитет Банкте ішкі бақылау мен аудитті тиімді ұйымдастыру, Банктің және оның оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау тетіктерін жетілдіру мәселелері жөніндегі стратегиялық шаралардың, Банктің ішкі құжаттарының әзірленуін және іске асырылуын қамтамасыз етеді.

13.3. Аудит жөніндегі комитет тікелей Банктің Директорлар кеңесіне бағынышты болады және соның алдында атқарылған жұмысы туралы есеп береді.

13.4 Аудит жөніндегі комитеттің құрамын, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің өкілеттіктер мерзімін Банктің Директорлар кеңесі айқындайды. Аудит жөніндегі комитеттің жауапты хатшысын Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі болып табылмайтын Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы тағайындайды.

13.5. Банктің Аудит жөніндегі комитетін Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы басқарады.

Банктің Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі ретінде Банктің қызметкері болып табылатын тұлға, Банктің Директорлар кеңесі тартқан өзге де тұлғалар сайлануы мүмкін. Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

13.6. Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесі бекітетін Банктің ішкі құжатына сәйкес оның құзырына қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

13.7. Аудит жөніндегі комитеттің отырысы Банктің Аудит жөніндегі комитет Төрағасының бастамасы бойынша не болмаса:

- 1) Аудит жөніндегі комитеттің кез келген мүшесінің;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің;
- 2) Банктің Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Аудит жөніндегі комитеттің отырысын шақыру туралы талап Аудит жөніндегі комитет отырысының болжамды күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасына қойылады.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыстары қажетіне қарай аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Аудит жөніндегі комитеттің отырысын өткізу туралы хабарлама Аудит жөніндегі комитеттің барлық мүшелеріне отырыстың болжамды күніне дейін кем дегенде үш жұмыс күні

бұрын жолданады және онда отырысты өткізу күні, уақыты мен орны туралы мәліметтер, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет отырысының күн тәртібі болуы тиіс.

Банктің Аудит жөніндегі комитеттің отырысын өткізуге арналған кворум Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Егер Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің жалпы саны Жарғыда айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасы Аудит жөніндегі комитеттің жаңа мүшелерін сайлау мақсатында Директорлар кеңесіне хабарласуға міндетті.

Аудит жөніндегі комитеттің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Аудит жөніндегі комитеттің шешімдері, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған жағдайда Аудит жөніндегі комитет Төрағасының немесе Аудит жөніндегі комитеттің отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

13.8. Аудит жөніндегі комитеттің шешімдері хаттамамен рәсімделеді әрі оны отырыста төрағалық еткен тұлға және Аудит жөніндегі комитеттің жауапты хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап үш күннің ішінде жасап, оған қол қоюы тиіс және онда мыналар болуы тиіс:

- 1) Банктің толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) күн тәртібінің отырысы;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және солар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Аудит жөніндегі комитеттің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

XIV. БАНКТІҢ ЕСЕБІ МЕН ЕСЕПТІЛІГІ, АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ АШЫП КӨРСЕТУ

14.1. Банктің қаржы (операциялық) жылы 1 қаңтардан басталып 31 желтоқсанда аяқталады.

14.2. Банктің қаржылық есептілігіне Банктің бухгалтерлік балансы, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес өзге де есептілік кіреді.

Банктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленеді.

Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес операциялар мен оқиғалардың есебін жүргізеді.

Банктің бухгалтерлік есеп саясатын Директорлар кеңесі айқындайды.

Қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну тізбесі, сондай-ақ мерзімі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

14.3. Банк Басқармасы жыл сайын Акционерге аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Жылдық қаржылық есептіліктен басқа Басқарма Акционерге аудиторлық есепті ұсынады.

Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасалады.

Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі есептілікті Банк Акционері бекіткен күнге дейін кем дегенде отыз күн бұрын алдын ала бекітуі тиіс.

Банктің жылдық қаржылық есептілігінің түпкілікті бекітілуі Акционердің шешімімен жасалады.

Банк жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, сондай-ақ аудиторлық есепті «Банктер туралы» ҚР Заңының 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйым оларда көрсетілген мәліметтердің шынайылығын растағаннан кейін және Банк Акционері қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін Ұлттық Банк Уәкілетті органмен келісе отырып белгілеген тәртіппен және мерзімде жария етеді.

14.4. Банк жылдық қаржылық есептілікке аудит жасауға міндетті.

Банкке аудитті аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес аудит жасауға өкілеттігі бар және «Банктер туралы» ҚР Заңының 19-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйым жасауы мүмкін.

14.5. Аудиторлық ұйым (аудитор) аудит нәтижелері мен өз қорытындыларын Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасына ұсынатын есепте баяндап береді.

14.6. Банк Акционердің назарына Акционердің мүдделеріне қатысты Банктің қызметі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Банктің Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz корпоративтік WEB-сайтында мәліметтерді (ақпаратты) жария ету арқылы жеткізуге міндетті.

Акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Банк соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында ақпаратты жария ету (Акционердің назарына жеткізу) мерзімі көзделмесе, мұндай ақпарат ол пайда болған күннен бастап (тиісті корпоративтік оқиға туындағаннан бастап) бес жұмыс күнінің ішінде жарияланады (Акционердің назарына жеткізіледі).

Мыналар:

1) Акционер және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Банктің акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және Уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, Уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Банктің ірі мәмілелерді және жасалуына Банк мүдделі мәмілелерді жасасуы;

4) осы Банк активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге қою (қайта кепілге қою);

5) Банктің өз капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мөлшерде банктің қарыз алуы;

6) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға Банктің лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Банктің бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

7) Банктің заңды тұлға құруға қатысуы;

8) Банк мүлкіне тыйым салынуы;

9) нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Банк мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

10) Банктің және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

12) Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) Жарғыға сәйкес Акционердің мүдделеріне қатысты өзге де ақпарат Банк Акционерінің мүддесіне қатысты ақпарат деп танылады.

14.7. Акционер және Банктің лауазымды тұлғалары:

1) өзі туралы және солар арқылы Банктің аффилирленген тұлғалары болып табылатын (болған) тұлғалар туралы оларға қол жетімді болған ақпаратты ашып көрсетуге, сондай-ақ Банкке туындайтын өзгерістер туралы ақпаратты дер кезінде ұсынуға;

2) өзінің аффилирленген тұлғаларын Банк алдында өзі туралы ақпаратты ашып көрсету қажеттілігі туралы хабардар етуге;

3) Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкке өзінің аффилирленген тұлғаларымен мәліметтерді дер кезінде әрі толық ұсынуына қолдау көрсетуге міндетті.

14.8. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат анкеталар түрінде жазбаша ашылып көрсетіледі. Толтыруға арналған анкеталардың үлгі нысандары Банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

14.9. Толтырылған анкеталарды лауазымды тұлғалар мен олардың аффилирленген тұлғалары алған сәттен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде ұсынады.

Ақпарат өзгерген жағдайда мұндай ақпаратты бұрын ұсынған тұлға Банкті еркін түрде мұндай өзгеріс туралы ол туындаған күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде хабардар етуге міндетті.

XV. БАНКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

15.1. Банкті ерікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Уәкілетті органның рұқсатымен Акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру «Банктер туралы» ҚР Заңында көзделген текшеліктерді ескере отырып Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешімі бойынша жасалады.

15.2. Банк:

- 1) Уәкілетті органның рұқсаты болғанда Акционердің шешімі бойынша, (ерікті тарату);
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату) таратылуы мүмкін.

15.3. Банкті тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

15.4. Банкті тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін құрылған тарату комиссиясы өз шешімін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

XVI. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Егер Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып қалса, бұл Жарғының қалған ережелерінің жарамдылығына қатысты болмайды.

16.2. Жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ
Төрағасы Төрағасының м.а.



Костян А.В.

Костян Александр
Викторович